

С. Парпиев*^{ID}, У. Омарова^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: syrym.parpiyev@kaznu.kz

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАҚТЫҒЫС (PROTRACTED SOCIAL CONFLICT) ИРАК КҮРДІЛЕРІ СЕЦЕССИОНИСТІК ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТЫ РЕТІНДЕ

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар кейбір мемлекеттердегі сепаратистік немесе сецессионистік қозғалыстардың негізі бола алады. Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың салдарынан жекелеген мемлекетте азамат соғысы, геноцид, «ұлттық тазарту», сепаратистік соғыстар сияқты саяси-әлеуметтік зардабы орасан құбылыстарды тудырады.

Осындай ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың болмысы мен табиғатын түсіндіретін зерттеулер жеткілікті болғанымен, дәл Э. Азар сияқты қақтығыс феноменінің шығу алғышарттарын жете түсіндіре алатын зерттеулер кем де кем. Бұл зерттеу Э. Азардың ұзақ мерзімді қақтығыстар тұжырым негізінде Ирак күрді сецессионистік қозғалысының шығуының алғышарттарын түсіндіруге тырысты. Зерттеудің сараптама критерий ретінде Э. Азар айқындаған топтардың қоғамдық қалыптасуы, адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі, басқару және мемлекеттің рөлі, сондай-ақ, халықаралық байланыс элементтері алынды.

Зерттеу сараптамасының қорытындысы бойынша, біріншіден, ұзақ уақыт бойы саяси топ ретінде өзінің әлеуетін сақтай алды. Екіншіден, Ирак Үкіметі күрділердің базалық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмады. Үшіншіден, Ирак Үкіметі басқару және саяси шешім қабылдау үдерісінде күрділерді оқшаулап тастады. Төртіншіден, АҚШ және Түркия сияқты аймақтық және халықаралық державалардың қолдауы арқылы күрділердің сецессионистік қозғалыс жасау үшін батыл қадамға баруға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс, сецессионизм, ұлтшылдық, ирак күрділері, ұлтаралық қақтығыс.

S. Parpiyev *, U. Omarova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: syrym.parpiyev@kaznu.kz

Protracted social conflicts as preconditions for secessionist movements of the Iraqi Kurds

Protracted social conflicts can serve as the basis for separatist or secessionist movements in certain states. As a result of protracted social conflicts in a separate state arise such phenomena as civil war, genocide, «national cleansing», separatist wars.

Although there are enough studies explaining the essence and nature of such protracted social conflicts, nevertheless, there are not so many studies that can explain in detail the prerequisites for the emergence of such a phenomenon of protracted social conflicts as the studies of E. Azar. In this study, authors tried to explain the prerequisites for the emergence of the Iraqi Kurdish secessionist movement based on the concept of protracted social conflicts by E. Azar. As an analytical criterion of the study, the following elements were selected – communal content of groups, deprivation of human needs of groups, governance and the state's role, as well as international linkages.

According to the conclusion of the research analysis, firstly, the Iraqi Kurds managed to maintain their potential power as a political group for a long time. Secondly, the Iraqi government could not meet the basic needs of the Kurds. Thirdly, the Iraqi government has isolated the Kurds in the process of governance and political decision-making. Fourth, regional and international powers such as Turkey and the United States, by providing support, allowed the Kurds to take a decisive step towards creating a secessionist movement.

Key words: protracted social conflicts, secessionism, nationalism, Iraqi Kurds, ethnic conflict.

С. Парпиев *, У. Омарова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: syrym.parpiev@kaznu.kz

Затяжные социальные конфликты (protracted social conflict) как предпосылки сецессионистических движений иракских курдов

Затяжные социальные конфликты могут служить основой сепаратистских или сецессионистских движений в некоторых государствах. Вследствие затяжных социальных конфликтов в отдельном государстве возникают такие явления, как гражданская война, геноцид, «национальная чистка», сепаратистские войны.

Хотя исследований, объясняющих сущность и природу таких затяжных социальных конфликтов существует достаточно, тем не менее, исследований, способных детально объяснить предпосылки возникновения такого феномена затяжных социальных конфликтов, как исследование Э. Азара, не так много. В данном исследовании предпринята попытка объяснить предпосылки возникновения иракского курдского сецессионистского движения на основе концепции затяжных социальных конфликтов Э. Азара. В качестве аналитического критерия исследования были выбраны такие элементы, как общественное формирование группы, необеспеченность основных человеческих потребностей групп, роль управления и государства, а также международные связи.

Согласно заключению исследовательского анализа, во-первых, иракским курдам долгое время удавалось сохранять свой потенциал как политической группы. Во-вторых, иракское правительство не могло обеспечить базовые потребности курдов. В-третьих, иракское правительство изолировало курдов в процессе управления и принятия политических решений. В-четвертых, региональные и международные державы, такие как США и Турция, оказав поддержку, позволили курдам пойти на решительный шаг к созданию сецессионистского движения.

Ключевые слова: затяжные социальные конфликты, сецессионизм, национализм, иракские курды, этнический конфликт.

Кіріспе

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар үшін жаңа құбылыс емес. Адамзаттың даму тарихында орын алған соғыс, жанжал-қақтығыстардың көпшілігі ұзақ мерзімге созылған. Мысалы, Фукидид сипаттаған б.з.д. 431 – 404 жылдар аралығындағы ежелгі грек қалалары Афины мен Спартаның арасында орын алған – Пелопеннес соғысы ұзақ мерзімді қақтығыс болып табылады. Демек, Фукидидтің еңбегі ұзақ мерзімді әлеуметтік жанжалдарды сипаттау және түсіндірудегі алғашқы еңбектердің бірі саналады.

Халықаралық қатынастар тарихы соңғы бір ғасыр бойы ұзақ және қысқа мерзімді халықаралық, аймақтық, мемлекетаралық, мемлекет ішіндегі деңгейіндегі қақтығыстар мен соғыстарды бастан өткерді. Оған Эфиопия, Мозамбик, Ангола, Гватемала, Колумбия, Камбоджа, Судан, Либерия, Сьерра-Леоне, бұрынғы Югославияның ыдырауы, Конго Демократиялық Республикасы (КДР), Ливан, Иран-Ирак, Израиль-Палестина, Ауғанстан және Сомали сияқты мемлекеттердегі ұзаққа созылған соғыстары, Армения және Әзербайжан арасындағы Таулы Қарабақ қақтығыстары мысал бола алады.

Ал, «Алты күндік соғыс» немесе Израиль мен араб мемлекеттері арасындағы «Қиямет күні соғысы», Ұлыбритания мен Аргентина арасындағы Фолкленд/Мальвин аралдары үшін қақтығысы, 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысы, Таяу Шығыстағы күрдтер мәселесі, 2006 жылы Оңтүстік және Солтүстік Ливан азамат соғысы, 2008 жылғы Грузияда халықаралық қарулы қақтығыстары тағысын тағылар Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұзақ мерзімді шешілмеген қақтығыстар ретінде сипатталады.

Ұзақ уақытқа созылған қақтығыстар тарихи тұрғыдан жаңа болмауы мүмкін, бірақ бүгінгі ұзаққа созылған қақтығыстар біздің заманымызға тән жаңа белгілерге ие. Әсіресе, ұзақ мерзімді жанжалдардың жекелеген мемлекеттер арасындағы және мемлекет ішіндегі жағдаяттарға байланысты түрлі формада дами алатындығы күмән тудырмайды.

Сонымен қатар, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар кейбір мемлекеттердегі сепаратистік немесе сецессионистік қозғалыстардың негізі бола алады. Оған дәлел ретіндегі 2011 жылғы Судан мемлекетінің Судан республикасы мен Оңтүстік Судан болып екіге бөлінуі, Югославияның 8 мемлекетке бөлінуі, Канададағы Квебек провинциясындағы сепаратистік қозғалыс, Испаниядағы Каталонияның сецессионис-

тік қозғалыстарын келтіруге болады. Демек, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар шартты түрде сепаратистік немесе сецессионистік қозғалыстардың негізі бола алады деген сөз.

Бұл зерттеу Таяу Шығыста соңғы бір ғасыр бойы негізгі өзекті мәселелердің бірі болып келе жатқан күрді ұлтының сецессионистік қозғалысының алғы шарттарына бағытталады. Күрділер қазіргі Таяу Шығыс аймағындағы Түркия, Иран, Ирак, Сирия мемлекеттерінің шекаралық аумақтары түйісетін ұлан байтақ жерді мекендейді. Бұл аймақ тарихи – «Күрдістан» деп аталады. Күрділер жалпы саны 40 миллион адамнан асса да өзінің жеке мемлекеті жоқ әлемдегі ең ірі ұлт саналады. Соның ішінде, Ирак күрділері 1992 жылы Парсы шығанағы соғысынан кейін ұлттық автономиялық статусын де-факто алған болса, 2005 жылы Ирактағы Саддам Хусейн режимі құлап, Ирак федерациялық мемлекет болып қайт құрылғанда өз статустарын де-юре мойындата алды. Ал, қалған Түркия, Иран, Сирия мемлекеттеріндегі күрділер мемлекеттің қатаң бақылауы мен ашық ұлттық ассимиляциялық саясатының ықпалымен бұл нәтижеге жете алған жоқ.

Ирак күрділері 2014 жылы Ирак және Леванттағы Ислам мемлекетінің (ИШИМ) бой көтеруімен пайда болған хаос жағдайын және соңғы 20 жылда квази-мемлекеттік жүйе ретінде қалыптасып үлгерген Ирактағы күрді автономиялық аймақтың статусын пайдалана отырып Ирактан бөлініп тәуелсіз мемлекет құруға бағытталған сецессионистік қозғалысты жүзеге асырды. Осыған орай, 2017 жылы 25 қыркүйекте алғаш рет сецессионистік референдум ұйымдастырып, Ирак күрді автономиялық аймағының 93, 25 пайызы күрді автономиясының жеке тәуелсіз саяси субъект ретінде бөлінуін жақтап дауыс берді. (McKernan, 2017) Алайда, халықаралық қауымдастықтың күрді автономиясын тәуелсіз саяси субъект ретінде мойындамауы сецессионистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауына алып келді.

Осы орайда Ирак күрділері өзге мемлекеттегі күрділерден бөлек, өз ұлттылығы мен мәдениетін, тілі мен бірегейлігін сақтауға және дамытуға мүмкіндік беретін автономиялық статусы болғанына қарамастан неге сецессионистік қозғалысты жүзеге асырғандығының алғы шарттары мен себептерін ғылыми тұжырымдар негізінде түсіндіру қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеу Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының алғы шарттарына қатысты түсіндірмені ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар

тұжырымы негізінен іздейді. Зерттеудің тұжырымдық негізі ретінде Эдвард Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар (Protracted Social Conflict) тұжырымына жүгінеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – Эдвард Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тұжырымы негізінде Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының алғы шарттарын табу болып табылады. Ол үшін алдымен Э. Азар тұжырымының негіздері мен концепцияларын қарастыра отырып, сараптаудың критерийлерін анықтайды. Сосын, анықталған сараптау критерийлер арқылы Ирак күрділері сецессионистік қозғалысы алғы шарттары мен болмысы талданады.

Зерттеудің әдіснамалық базасы ретінде – екінші деңгейлі деректерді талдау (Secondary Data Analysis) әдісі, соның ішінде, құжаттар мен деректерді зерттеу әдісі (Documentary analysis) қолданылады. Зерттеудің деректік базасы халықаралық қатынастар және қақтығыстану саласындағы ағылшын тілді зерттеулерге негізделген. Бұл осы тақырып аясында қазірше қазақ тілді деректер базасының жетіспеушілігімен түсіндіріледі.

Зерттеудің құрылымы – кіріспеден, тұжырымдық негізден, сараптау бөлімінен және қорытындыдан тұрады.

Тұжырымдық негіз

1. Ілгерідегі зерттеулерге шолу

Бұл зерттеудің ілгерідегі зерттеулерге шолу бөлімшесі екі бөліктен тұрады. Алдымен, ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысына қатысты бұған дейін жүргізілген зерттеулердің бағыты мен тақырыптық мәтіндері қарастырылады. Екінші бөлікте ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тақырыбына жүргізілген ілгерідегі зерттеулердің ғылыми бағыты мен тұжырым негізіндегі жекелеген кәйіс-зерттеулердің мәні мен тақырыптық ерекшеліктері талданады.

1) *Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысына қатысты зерттеулер*

Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысы тақырыбы өзінің хронологиялық және тікелей мағынасы жағынан жаңа тақырып саналады. Себебі, сецессионистік референдум тек 2017 жылы ғана жүзеге асырылып, халықаралық қатынастар саласы ғалымдарының назарын аудартқан болатын. Әрине, күрді ұлты жайлы немесе жекелеген мемлекеттердегі (Түркия, Ирак, Иран, Сирия) күрділер және шет

елдерді қоныстанған күрді диаспораларының мәселелері жайлы зерттеулер базасы кең-ақ. Дегенмен, сецессионистік қозғалыс концепциясы аясындағы жүргізілген зерттеулер саны салыстырмалы түрде шамалы. Тек, бірнеше авторлар ғана бұл тақырыпқа ұқсас мәтіндік тұрғыдан зерттеу жүргізген. Солардың бірі Ханна Фрейдж (Hanna Yousif Freij) болып табылады. Фрейдж ирак күрділерінің саяси күштерін ішінара партиялар әлеуеті деңгейінде сараптай келе күрді сецессионистік қозғалысының тарихи әр кезеңдегі әлеуетін қарастырады. Алдымен, Күрді демократиялық партиясы (КДП), сосын осы партиядан идеялық айырмашылыққа байланысты бөлініп шыққан Күрдістан Патриоттар Одағының (КПО) саяси әрекеттерін талдайды. Соңғы жарты ғасыр бойы қалыптасқан саяси күштердің идеологиялық негіздерінің даму сатыларын, идеологиялық бағытты қалыптастыруға әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды анықтай сипаттама беруге тырысады. (Freij, 1998) Ізін ала, Ханнес Черны (Hannes Cerny) Ирак күрділері саяси күштерінің сецессионистік қозғалысқа қатысты бірігушілік мәселесін қозғайды. Ирак күрділерінің тәуелсіз мемлекет құруға қатысты позицияларының ортақ тұстары мен қарама-қайшы тараптарын табуға тырысады. Черныдың сипаттауынша, Ирак күрділерінің сецессионистік позициясының ортақтығы мен қарама-қайшылығы саяси күштердің сырттан келетін қолдауға тікелей байланысты. (Cerny, 2014) Ал, Зеки Сарыгыл (Zeki Sarigil) мен Әкрем Каракоджды (Karakoc) Ирак күрді сецессионистік қозғалысының қолдайтын көршілес және өзге де мемлекеттердің мүдделерінің болмысын ашуға талпынады. Әсіресе, АҚШ және Израиль, Түркия мемлекеттерінің мүдделері негізделеді. Сарыгыл мен Каракодждың сипаттауынша дәл сыртқы фактор – үшінші тарап (мүдделі мемлекеттер) сецессионистік қозғалыстың сәтті/сәтсіз аяқталуына ең басты рөлді ойнайды. (Sarigil & Karakoc, 2016)

Джихан Мохаммед (Jihan A. Mohammed) және Абдулла Альреб (Abdullah F. Alrebh) 2017 жылғы референдумнан кейінгі Ирак күрді сецессионистік қозғалыстың не үшін сәтсіздікке ұшырағандығын саяси және экономикалық аспектілері тұрғысынан түсіндіруге тырысады. Мохаммед және Альребтың сипаттауынша, қазіргі кезеңдегі Ирак күрділерінің саяси және экономикалық жағдайы саяси партиялар арасындағы өзара байланыстар мен тиесілі партияға қатысты адалдыққа (loyalty) негізделген. Бұл жағдайда ортақ ұлттық мүдде мен

бірыңғай идеялар шешу және маңыздылық жағынан екінші деңгейде қалады. Ғалымдардың пікірінше, Ирак күрділері дәл осы дәстүрлі әлеуметтік-саяси құрылымдық барьерден өте алмай келеді. Осылайша Ирак күрділерінде тәуелсіздікке жету үшін біртұтас көзқарас, идеология және орталықтанған басшылық немесе күшті лидер жоқ. Саяси тұрғыдан күрді партиялары референдумның мерзімдері мен заңдылығына қатысты өзара келісімді таба алмады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, Ирак күрді басшылығы Ирак Күрдістан Автономиялық аймағында (ИКАА) 2017 жылғы референдумға реакция ретінде енгізілген санкцияларға төтеп бере алатын тұрақты саяси экономика құра алмады. (Mohammed & Alrebh, 2020)

2) *Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тақырыбына қатысты зерттеулер*

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тақырыбына қатысты зерттеулерді тақырыптық және ғылыми бағыты бойынша бірнеше топқа бөлуге болады.

Алдымен, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың болмысы мен табиғатын, шығу факторларын сипаттайтын зерттеулер тобын атауға болады. Бұл топтың негізгі өкілі ретінде Э. Азарды (Edward Azar) келтіруге болады. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978; Azar & Chung In Moon, 1986) Себебі, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар феноменін ғылыми түрде зерделеп, жүйелеген Э. Азар болып табылады. Азар ұзақ мерзімді қақтығыстардың алғышарттарына көңіл бөледі. Бұл қақтығыс феномені кездейсоқтықтан пайда болмайтындығын, оның қалыптасуы мен дамуына алғышарт бола алатын факторларға байланысты екендігін атап өтеді. Ізін ала, Оливер Рэмсботэм (Oliver Ramsbotham) Азардың концепциясын қолдай отырып, ол қырғи-қабақ соғыстан кейінгі халықаралық және әлемдік саяси үдерістердегі ірі қарулы қақтығыстардың ұзақ мерзімге созылу көздерін түсіну үшін пайдалы нұсқаулар ұсынады деп бағалайды. (Ramsbotham, 2005)

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тақырыбына қатысты зерттеулердің екінші легі осы қақтығыстарды реттеу және шешу механизмдеріне бағытталған. Дин Пруит (Dean Pruitt) және Ким Сун Хи (Kim Sung Hee) ұзақ мерзімді қақтығыстың шешімі ретінде орын алған қақтығыстан «жеңімпаз» жақтың шығуын нұсқайды. Осы бағытты жалғастыра, «жеңімпаз» тараптың шығу үдерісін Филип Шродт (Phillip A. Schrodtt) түсіндіреді. Шродттың пікірінше, қақтығыстың шығуы мен оның ұзаққа созы-

луы қақтығыс қатысушыларын (субъектілерін) жан-жақты титықтатады. Ал, бейбіт бітімге келудің (компромисске келу) құны қақтығысты жалғастыру құнынан артық болады. (Schrodt, 1983) Бұл тараптарды өз мүддесін қолдайтын сыртқы күштерге жүгінуге итермелейді. Тараптардың қайсы бірі екіншісіне қарағанда күштірек қолдау тапса, «жеңімпаз» анықталады. (Pruitt & Kim, Sung Hee, 2004) Себебі, әрқашан кез келген қақтығысқа қатысты өз мүддесі бар үшінші тарап – сыртқы күш табылады.

Қорыта келе, Ирак күрділердің сецессионистік қозғалысы мен ұзақ мерзімді қақтығыстарға қатысты зерттеулер өзіндік тақырыптық мағынаға ие және болашақтағы зерттеулерге тиімде база бола алады. Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының шығу себептерін ұзақ мерзімді қақтығыстар тұжырымытұрғысынан түсіндіру бұл зерттеудің өзге зерттеулерден айырмашылығын көрсетеді және қазақ тілді халықаралық қатынастар саласындағы алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

2. Тақырыптың тұжырымдық базасы

1) «*Сецессия*» және «*сецессионистік қозғалыс*» тұжырымы

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс Ирак күрділері сецессионистік қозғалысының алғышарты болатындығын дәлелдеу үшін алдымен, ғылыми кілт сөздер мен концепцияларды ашу қажеттілігі туындайды. Сонымен, «*Сецессия*» термині латынның «*secessio* – бөліну, шығу» деген мағынаны береді. Ал, саяси және халықаралық қатынастар саласындағы сецессия ұлтаралық қақтығыстарды шешудің радикалды тәсілін білдіреді. Сецессия құбылысының нәтижесінде белгілі бір ұлт пен халық қоныстанған аймақ белгілі бір мемлекеттің аумағынан бөлінеді де тәуелсіз субъектке (саяси субъект) айналады. (James, 1999:85) Ал, «сецессионистік қозғалыс» – сецессияны мақсат қойып, осы мақсатты іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған әрекетті білдіреді. Сецессиялық қозғалысты жүзеге асырушы топ немесе ұлт – «сецессионистік топ» немесе «сецессионистік ұлт» деп аталады. (Wood, 1981:110). Қазірге дейін сәтті аяқталған сецессионистік қозғалысқа мысал ретінде 1971 жылы Бангладештің Пакистаннан бөлінуі, 1991 жылғы КСРО-дан 15 республиканың бөлінуі, 1990 жылдан мен 2000 жылдарға дейін созылған Югославияның 7 мемлекетке – Хорватия, Босния және Герцеговина, Словения, Черногория, Сербия, Косово, Солтүстік Македонияға бөлінуі сияқты мысалдарды нұсқауға болады.

3) «*Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар*» концепциясы

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс – қауымдастықтар мен топтар арасындағы қарым-қатынас терең тамырланған нәсілдік, этникалық, діни және мәдени жеккөрушілікке негізделіп, қарым-қатынас зорлық-зомбылық пен күш қолдану формасында ауысқанда пайда болатын құбылысты білдіреді. (Fisher, 2001:307) Э. Азардың концепциясы бойынша ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс ұлтаралық қарым-қатынастағы өзара қауіпсіздік, тану, қабылдау, саяси институттарға әділ қол жетімділік және экономикалық өмірге қатысу сияқты негізгі қажеттіліктер үшін ұлттық топтардың ұзақ және жиі қатал күресуімен сипатталатын жанжалды жағдайларды білдіреді. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978:50). Белгілі бір мемлекетте немесе мемлекетаралық кеңістікте қоғамдық және ұлттық топтарда нәсілдік, діни, мәдени немесе этникалық белгілер бойынша терең келіспеушіліктер болуы мүмкін. Бұл келіспеушіліктер өзара зорлық-зомбылықтың өршуімен жалғасып, қарым-қатынас дұшпандыққа айналады. Дұшпандық адамның қауіпсіздігі, өзара танымы және тарату әділдігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандырудан туындайды.

Азар әр мемлекетте өмір сүретін әлеуметтік немесе ұлттық топтардың едәуір бөлігінің адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырудан бас тартуы ұзаққа созылған әлеуметтік зорлық-зомбылық жағдайларына әкелді деп санайды. Азар ұзаққа созылған әлеуметтік қақтығыстың негізгі көзі ретінде төрт алғышартты анықтайды: топтардың қоғамдық қалыптасуы (communal content), адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі (deprivation of human needs), басқару және мемлекеттің рөлі (governance and the state's role), сондай-ақ, халықаралық байланыс (international linkages). (Ramsbotham, 2005:113)

(1) *Топтардың қоғамдық қалыптасуы (communal content)*

Ұзақ уақытқа созылған әлеуметтік қақтығыстың бастапқы пайда болуына ықпал ететін бұл элемент қақтығыстарға қатысатын ұлт немесе қоғам өкілдерінің өздерінің жеке топтарын құратындығында. Осыған байланысты құрылған жеке топтар Үкіметпен әр түрлі салаға байланысты қарым-қатынастар орнатуға тырысады. Топтардың құрылуымен оларда саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайға байланысты өзіндік топтық мүдде қалыптасады. Азардың пайымдауынша мүдделер қақтығысы «мемлекет пен жалпы қоғамдық топтар арасындағы

алауыздыққа» алып келеді. Үкімет пен топтар арасындағы мүдделер қақтығысы қоғамдағы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі болып табылады. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978:57)

Бұл алғышарт көптеген адамдардың әлеуметтік топтарға тәуелділігін де білдіреді. Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар орын алатын аймақтардағы үкіметтер көбінесе белгілі бір ұлт өкілдерін немесе әлеуметтік топтардың негізгі адами қажеттіліктермен қамтамасыз ете алмайды. Үкіметтің осыған қатысты қабілетсіздігі немесе елеушілік әрекеттері адамдардың тұрақтылық үшін өздерінің әлеуметтік топтарына жүгінуіне мәжбүрлейді. Нәтижесінде пайда болған әлеуметтік топ пен мемлекеттің идеялық және материалдық тұрғыдан бөлінуіне алып келеді.

Бұл мемлекеттік биліктегі белгілі бір жеке топтардың басқаларға қарағанда үстемдігіне әкеледі. Үстем топ өзін басқа топтардың қажеттіліктерінен оқшаулайды. Ал, оқшаулану этникалық топтың ішінара немесе жалпы қоғамдық фрагментациялануына әкеледі.

(2) *Адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі (deprivation of human needs)*

Азардың концепциясы бойынша ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстарға мұрындық болатын екінші элемент деп санайтын мемлекет ішіндегі әлеуметтік немесе ұлттық топтардың адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі саналады. Бұл мемлекет ішіндегі жалпы «әлеуметтік-саяси дамудың артта қалушылықты» азайтуға билік басындағы үстем топтың немқұрайлы қарауымен тікелей байланысты. (Azar & Chung In Moon, 1986) Жекелеген әлеуметтік, ұлттық топтардың мәдени және діни көзқарас тұрғысынан қауіпсіздікке, дамуға қол жеткізе алмауы, мемлекет ішіндегі саяси шешім қабылдау үдерістерге қатысу арқылы жеке басына деген қажеттіліктерді шешуге бағытталған шараларға атсалысудан шеттетілуінің нәтижесі ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстарға алып келетіндігінің кепілі бола алады. Азар бұл қажеттіліктер әлеуметтік, ұлттық топтар үшін ең маңызды элемент деп атайды. Сондықтан, егер бұл қажеттіліктер қанағаттандырылмаса, қоғамдық топтар сөзсіз құрылымдық өзгерістерді қалайды. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978:59) Құрылымдық өзгерістерге деген мұндай қажеттілік зорлық-зомбылық қақтығысына әкелуі мүмкін.

(3) *Басқару және мемлекеттің рөлі (governance and the state's role)*

Белгілі бір көп ұлтты немесе көп қоғамды мемлекеттің үкіметі қоғамды реттеу, азаматтар-

ды қорғау және ұжымдық игіліктерге қол жету құқығы, билікті бөлісу, саяси-экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану, мемлекеттік бюджеттің пропорционалды бөліну және басқару» сияқты құрылымдық үдерістерде әр түрлі топтардың мүдделері ескерілуін қамтамасыз етуі міндетті. (Ramsbotham, 2005:115) Азардың айтуынша, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстарды адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын қабілетсіз, жергілікті, әлсіз және авторитарлық үкіметтік топтар тудырады. Саяси құрылымдық тұрғыдан биліктік монополияға ие үстем топтар азшыл ұлттардың әлеуметтік мәселелерін шешуге ұмтылмайды. Керісінше, биліктік құрылымның плюрализациялануын мемлекет ішіндегі әлеуметтік-саяси дағдарысты күшейтеді деп санайды. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978:62) Оның үстіне, үстем топтар саяси билік құрылымының плюрализациялануы үстем топтың сақталуы мен тұрақтылығын әлсірететін үлкен қауіп факторы ретінде қарайды. Бұл үстем топ өкілдерінің мемлекеттік жүйені басқаруда «зандылық дағдарысын» тудырады. Үкіметтің құрылымын барлық азаматтарға бірдей қамқорлық жасайтындай және олар тең дәрежеде бейтарап немесе сыбайлас жемқорлықсыз ұсынылатындай етіп өзгерту қажеттілігі ескерілмейді. Соның нәтижесінде мемлекеттік үстем топ пен азшыл ұлттық, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстар туындайды. Әр тарап осы қақтығыста өзінде бар ресурстарға жүгіне отырып, қақтығысқа қатысады.

(4) *Халықаралық байланыс (international linkages)*

Азар ұсынған ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың алғышарты ретіндегі соңғы элементі халықаралық байланыс болып табылады. Жаһандану үдерісі арқылы кірген мемлекеттер мен қоғамдардың өзара саяси-экономикалық тәуелділігі қақтығысушы қос тараптың жанжалының мемлекет деңгейінен халықаралық деңгейге шығуына итермелейді. Мемлекет ішіндегі қақтығысқа үшінші тараптың тартылуы сөзсіз болады. Мемлекеттердің өзара саяси-экономикалық тәуелділігі бір мемлекеттің екінші мемлекетте болып жатқан жағдаяттарға араласуына мәжбүрлейді. Бұл мәжбүрлілік екінші бір мемлекеттің географиялық жақын орналасуына немесе халықаралық немесе аймақаралық үдерістердегі өзіндік мүддесіне байланысты болады. (Azar, Jureidini & McLaurin, 1978:67) Бір мемлекет өзімен көрші мемлекетте болып жатқан саяси-әлеуметтік дағдарыстың созылуын қаламағандықтан қақтығысқа ара-

ласып, қақығысушы үкіметтің немесе азшыл топтардың мүддесін қолдайды. Сол арқылы қақығысты біржолата шешуге ұмтылады. Себебі, жаһандану заманында халықаралық үрдістердегі «шекаралардың» әлсіреуі кез келген қақығыстың бір аумақтан екінші аумаққа ауысу мүмкіндігін жоғарылатады. Сондықтан, араласушы өзге мемлекеттер қақығыстың сол аумақтан сыртқа шығып кетпеуін қамтамасыз ету мемлекеттік қауіпсіздіктің басты міндеті санайды. (Azar & Chung In Moon, 1986:399)

Кейде, керісінше, мемлекеттердің өзге мемлекеттегі ішкі қақығыстарға араласуы – реалистік тәсілмен түсіндіріледі. Қақығысқа араласу арқылы мемлекет көрші мемлекетті әлсірету, ондағы бар ресурстарды өз мүддесіне пайдаланып қалуға ұмтылады. Көрші мемлекеттегі дағдарыс арқылы сол мемлекеттің өзіне тәуелділігін күшейту қақығысқа араласушы мемлекеттің негізгі мүддесі болуы да мүмкін.

Осылайша, қақығысушы екі тарап сыртқы байланыстар арқылы үшінші тараптан (жекеле-

ген мемлекеттен немесе алпауыт державадан, халықаралық ұйымдардан) көмек, қолдау алады. Үшінші тараптан көрсетілетін қолдау – қаржылай, әскери түрде, кейде саяси-экономикалық санкция жасау арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде қолдау алған екі тарап арасындағы қақығыс одан әрі шиеленісе түседі. Сәйкесінше қақығыстың мерзімі одан әрі ұзара түседі.

Жоғарыда талқыланған тұжырымдарға сүйене отырып, бұл зерттеу Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақығыстың туындау концепцияларын Ирак күрділері сецессионистік қозғалысының алғышарты тұрғысынан талдауға ұсынады. Осыған байланысты, топтардың қоғамдық құрылымы (communal content), адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі (deprivation of human needs), басқару және мемлекеттің рөлі (governance and the state's role), халықаралық байланыс (international linkages) элементтері негізінде Ирак күрділері сецессионистік қозғалысының қалыптасуы мен орын алуын сараптайды.



1-сурет – Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының алғы шарттары

Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының алғы шарттары

1. Ирак күрділерінің қоғамдық топ ретінде қалыптасуы

Белгілі күрдітанушы ғалым М. Гюнтердің берген мәліметіне орай, күрдтердің шығу тегі белгісіз, бірақ күрдтер Таяу Шығыста шамамен 4000 жыл бұрын келген әртүрлі үнді-еуропалық тайпалардың ұрпақтары болуы мүмкін деп санайды. Араб халифаты мен исламдандыру дәуірінде күрдтерге «таулықтар» немесе «күрдтер» атауы қолданыла бастады. 1500 жылдары күрділер қоныстанған аймақтар Осман империясының құрамында болды. Ал, 1623-1639 жылы аралығында өткен Осман-Парсы империялары арасындағы соғыс 1639 жылы 17 мамырда «Зохаб келісімімен» аяқталып, «Зохаб келісімі» бойынша күрдтер қоныстанған аймақтар Осман және Парсы Сефевид империяларының құрамына енді. (Gunter, 2008:12) Бұл күрділердің тарихи қоныстану аймағы «Күрдістанның» алғашқы бөлінуі еді. 1920 жылы тамызда Ресей Империясы, Ұлыбритания Ирактың солтүстігінде тәуелсіз Күрді мемлекетінің құрылуына кепілдік беретін Севр келісім-шартына қол қоюға Осман Империясының «мұрагері» ретінде мойындалған Түркия Республикасын мәжбүр етті. (Gunter, 2008:12) Алайда, Күрді мемлекетін құруды Италиядан басқа бірде-бір мемлекет қолдамағандықтан келісім-шарт іс жүзінде орындала қоймады.

Ал, 1923 жылға қарай аймақтық деңгейде өз мәртебесін қайтарып алған Түркия Республикасы сол жылдың 24 шілдесінде Швейцарияның Лозанна қаласында өткен келіссөз – «Лозанна шартында» Күрд мемлекеті құрылмақ түгіл, автономиялық аудан ретінде қалыптасу ұсынысқа келісімін бермеді. (Gunter, 2008:13) Нәтижесінде, Осман Империясының құрамында болған тарихи «Күрдістан» аумағы Ұлыбритания Империясының Мандаты астында құрылған Ирак мемлекетінің, Франция Мандаты астында құрылған Сирия мемлекетінің және Түркия Республикасы аумақтарының құрамына кіріп, тағы үшке бөлінді.

Күрділердің тарихи қоныстану аумағы болып табылатын Күрдістанның 4 бөлікке бөлінуі – күрділердің біртұтас ұлт ретінде дамуына үлкен кедергі болды. Бұл Түркия, Иран, Ирак, Сирия аумағында қалған күрділердің ұлт-азаттық немесе тәуелсіз мемлекет құруға қатысты бірыңғай идеологиялық бағытты қалыптастыруға, біртұтас ұлт ретінде қозғалысты ұйымдастыруға

кері әсерін тигізді. Нәтижесінде, күрділердің ұлттық қозғалысының фрагментациялануына, қозғалыстың әрі аумақта өздігінше дамуына алып келді. Ирак күрділерінің топ ретінде қалыптасуында жекелеген ұлт лидерлерінің рөлі басым. Бұл алғашында Қазі Мұхаммед, кейіннен Барзан тайпасының жетекшісі Мұстафа Барзанидың есімімен тығыз байланысты.

1946 жылы сол кезеңдегі күрділер арасында ұлт-азаттық қозғалыстың рухани жетекшісі ретінде мойындалған Қазі Мұхаммед Күрділердің демократиялық партиясын (Partiya Demokrat a Kurdistanê, Kurdistan Democratic Party) құрылғандығын жариялады. Қазі Мұхаммед партия қол астына Кеңес Одағының қолдауымен Иран және Ирак күрділерінің басын біріктіре алды. Әсіресе, Ирак күрділерінің жетекшісі Мұстафа Барзани да Қазі Мұхаммедтің жетекшілігі астында әрекет етті. Қазі Мұхаммед 1946 жылы 22 қаңтарда Иран және Ирак мемлекеттері шекаралық аумақтарында қоныстанған күрділер аймағы негізінде Махабад Республикасының құрылғандығын жариялады. Махабад Республикасының құрылуына тікелей Кеңес Одағы қолдау жасады. Алайда, 1946 жылы 15 желтоқсанда Иран мемлекеттік армиясының республикасына басып кіруі мемлекеттің құлауына алып келді. Ал, Қазі Мұхаммед тұтқынға алынып, соңында дарға асылды. (McDowall, 2004:291)

Қазі Мұхаммедтің өлімі Мұстафа Барзанидың Ирак күрділерінің ұлт-азаттық қозғалысы және Күрді демократиялық партиясының (*ары қарай* – КДП) саяси жетекшісіне айналуына жағдай жасады. Осы кезеңнен бастап Ирак күрділерінің саяси топ, саяси күш ретіндегі қалыптасуы мен ұлттық қозғалысының құрылуы, жүзеге асуы тікелей Мұстафа Барзани мен Күрді демократиялық партиясының қызметімен тікелей байланысты болды. (Edmonds, 1971:96)

1940-50 жылдар аралығында КДП Ирак Күрдістан аумағындағы өзге идеологиялы кішігірім саяси топтарды ығыстырып, ирак күрділерінің басын біріктіруге әрекет етті. Бұл миссияда КДП-ның басты қарсыласы Ирак коммунистік партиясы (*ары қарай* ИКП) еді. Себебі, ИКП-ның құрамында да беделді күрді тайпаларының жетекшілері мен ағартушылары болды. Жаңадан құрылған саяси күш КДП-ға өз статусы мен әлеуетін нығайту үшін алдымен ИКП-мен қарым-қатынасты сақтауға тура келді. ИКП жалпы Ирак мемлекеті аумағындағы тайпалық бөліну, тайпа басшыларына негізделген саяси консервативтік құрылымдық жүйемен күресті қолға алды. Әсіресе, күрділерге қатысты

ИКП «Ағаның» (тайпалық ақсақалдарға) саяси рөлі партияның коммунистік идеясына қарсы келеді деп жариялады. Ирак Күрдістанның басты қалалары Эрбил, Духок және Сулеймания қалаларындағы күрді ағаларына қарсы науқан басталды. Бұл істе ИКП күрділер арасындағы жұмысшылар табының қолдауына ие болды. ИКП-ның бұл радикалды әрекеті Ирак күрділері тайпа басшыларының наразылығына алып келді. Алайда, КДП күрді ағаларын ИКП-ның әрекеттері партияның бақылауында болады деп сендірді. 1956 жылы ирак күрді ағалары мен КДП-ИКП арасындағы антагонизм шарықтау шегіне жеткендігі соншалықты ирак күрді ағалары бірінші болып Мосулдағы Британдық консулға Ирактың солтүстігінде «анти-коммунистік қозғалыс және тәуелсіз Күрдістан» құру үшін қару-жарақ пен қаржымен қамтамасыз етуін сұрады. [McDowall, 2004:300]

1958 жылы 14 шілдеде генерал Абд әл-Кәрім Касем және оның жақтастары Иракта мемлекеттік төңкеріс жасап, Ирактағы Хашимиттік монархиялық жүйені құлатты. Нәтижесінде Ирак Республикасы құрылды. Касем жаңа құрылған үкімет құрамына бекітуде КДП және ИКП өкілдерін қоспады. Үш адамнан тұратын «Егемендік кеңес» – 1 суннит, 1 шиит және 1 күрді өкілінен құралды. Касем жаңа құрылған Ирак Республикасының тәуелсіздігіне үлкен мән берді. [McDowall, 2004:302] Себебі, сол кезеңде Мысыр президенті Нассердің араб халықтары арасындағы беделі нығайып, панарабтық қозғалысының өршіп тұрған кезі болатын. Тіпті, 1958 жылы Мысыр мен Сирия бірігіп Біріккен Араб Республикасын (*ары қарай* – БАР) құрды. Касемнің орынбасары Абдул Салам Ариф және өзге де панарабтық ұлтшылдар Касемді БАР-ға бірігуге белсенді түрде шақырды. Касемнің күрділерге қатысты позитивті қарым-қатынасы панарабтық ұлтшыл өкілдерінің наразылығын туғызды. Касем КДП және оның жақтастарын панарабтық ұлт өкілдері мен ИКП-ның күшін әлсіретуде пайдаланды. Ал, Мұстафа Барзани Касем берген карт-бланшты Ирак күрділері арасындағы КДП идеологиясы және Барзани статусына наразы топтарды әлсірету мен жоюға бағыттады. Нәтижесінде 1950 жылдары Мұстафа Барзани бәсекелес тайпалар – харкис, сурч, барадустис және зибарис тайпаларының саяси күштерін жою арқылы өз позициясын нығайтты. [McDowall, 2004:306]

Касем мен Барзани арасында жасалған келісім аясында Касем күрділерге Барзанидің саясатын қолдау үшін аймақтық автономия беруге уәде

берді. Қабылданған Ирак Республикасының Уақытша конституциясы күрділерді Ирак мемлекеттілігін құрайтын бір бөлігі ретінде қарастырды, ал елтаңбада Араб қылышының орнына күрді қанжары бейнеленді. 1959-1960 жылдары КДП-ның Ирактағы саяси мәртебесі заңдастырылды және партия басшысы ретінде Мұстафа Барзани заңды түрде бекітілді.

Касемнің күрді ұлтының автономиясына қатысты уәдесінің орындалуының кешеуілдеуі және Мұстафа Барзанидың бұл мәселеге қатысты әрекетсіздігі КДП сапындағы басқа да басшылар мен ағартушы қауымның наразылығын күшейтті. Оның үстіне, Мұстафа Барзанидың өз күрді тайпалары арасындағы жүргізген «саяси-идеологиялық тазалау» әрекеті КДП ішіндегі Жалал Талабани және Ибрахим Ахмед сынды әлеуетті басшылардың қарсылығын туғызды. Бұл 1975 жылы КДП-ның екіге бөлінуіне алып келді. Жалал Талабани мен Ибрахим Ахмед жақтастарымен КДП-дан бөлініп, Күрдістан Патриоттар Одағын (*Yekîtiya Nîştîmaniya Kurdistan, ары қарай* – КПО) құрды. [McDowall, 2004:307]

1960 жылдан бастап Араб әлемінің бірігуі мен панарабтық қоғалыстың сәтсіздігі белгілі болды. БАР ыдырап, Мысыр және Сирия мемлекеттері жеке тәуелсіз мемлекеттер болып қалыптасты. Бұл Касемге бұдан былай Ирактың тәуелсіздігіне панарабтық қозғалыстан келетін қауіптің сейілгендігін аңғартты. Оның үстіне Ирактың солтүстігіндегі күрділер қоныстанған аймақта күрді әскери күші – «Пешмерга» әлеуетінің өсуі, КДП рөлінің нығаюы Касем үшін Ирактың егемендігі мен аумақтық біртұтастығына үлкен қауіп төндіретіндігі мәлім болды. Оның үстіне, Касемнің Күрді автономиясына қатысты берген уәдесі Ирак күрділері арасындағы моральдық-материалдық дайындық үдерісін күшейтті.

Касем үкіметі мен Барзани бастаған КДП партия өкілдері арасындағы күрес осы тұстан басталды. 1961-1968 жылдар арасындағы Ирак мемлекеттік армиясы мен күрділер арасындағы қақтығыстар Ирак күрділерінің пайдасына шешілді. Бұл Касем және оның ізбасарлары арасындағы өзара түсініспеушілік және қарама-қайшылықтар, Ирак күрділерін жазалаушы жорықтардың дұрыс ұйымдастырылмауымен байланысты болды. Бұл 1968 жылы Өкімет басына БААС партиясы өкілдерінің келуімен аяқталды.

БААС үкіметі мемлекеттің ішінде арабтан-дыру саясатын белсенді қолға алды. Садам Хусейн басшылығымен БААС Үкіметі 1970

жылдары азшыл ұлт өкілдері тығыз қоныстанған аймақтан ұлт өкілдерін қудалау әрекетін жүзеге асырды. Нәтижесінде бір ғана 1978 және 1979 жылдары 600 күрді ауылы өртеніп, 200 000-ға жуық күрді елдің басқа аймақтарына күштеп жер аударылды. Арабтандыру саяси кампаниясы араб-күрді ұлтаралық қақтығыс сипатында жүзеге асты. Күрділерден босатылған елді-мекендерге араб ұлт өкілдері қоныстандырылды. Осы үдерістер барысында Ирак күрділерінің ұлттық қаһарманына айналған Мұстафа Барзани қаза тапты. Ал, партия басшылығы оның баласы Масуд Барзаниға өтті.

Иран-Ирак соғысы кезінде Ирак үкіметі қайтадан күрділерді жазалау саясатын іске асырды. Саддам Хусейн күрділерді Иран-Ирак соғысында Иранды қолдады деп айыптады. Күрділерді жазалау операциясы барысында Ирак Үкіметі тарапынан күрділерге қарсы химиялық қарулар қолданылды. Бұл күрділер арасында орасан адам шығынына ұшыратты. Саддам Хусейннің бұл әрекеті халықаралық қауымдастықта резонанс тудырды. Алайда, халықаралық қауымдастық тарапынан Ирак үкіметіне қатысты еш шара қолданылмады. Халықаралық қауымдастықтың немқұрайлы реакциясы Саддам Хусейн үкіметіне күрділерді жазалау операциясын жалғастыруына мүмкіндік берді.

Күрділерге қатысты жазалау шараларының екінші, ең ауқымды толқыны 1987 жылғы 29 наурыздан 1989 жылғы 23 сәуір аралығында жүргізілді. Жазалау операциясы «Анфаль» деп аталды. Саддам Хусейн мен Али Хасан Аль-Маджидтің басшылығымен ирак әскері күрділерге қарсы тағы да жаппай химиялық қаруды кеңінен қолданып, соның нәтижесінде 2000-ға жуық күрді елді-мекендері жойылды және 50 000-ға жуық ирак күрділері қаза тапты. Күрділердің ірі қаласы Кала Дизех (халқы 70 000 адам) Ирак армиясының шабуылынан кейін толығымен жойылды. Бұл миллионға жуық күрділердің эп-сәтте босқын болуына алып келді. [Leezenberg, 2005:636]

1991 жылы Парсы шығанағы соғысынан кейін күрділердің мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ары қарай – БҰҰ) деңгейінде қаралып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 688 резолюциясы қабылданды. 688 резолюцияға сәйкес, АҚШ және оның одақтастары тарапынан Ирактың солтүстігінде – Ирак Күрдістан аумағында ұшақ ұшпайтын режимін орнатылды және күрді босқындарына баспанамен қамту мәселесін шешу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, 1991 жылдың соңына дейін аймақтан Ирак

әскерлері шығарылды. Бұл Ирак Күрдістанының өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. [Leezenberg, 2005:636]

Ирак Күрдістанда де-факто автономиялық аймақ қалыптастырылды. Жаңа құрылған автономиялық аймақтағы басқару құқығы КДП мен КПО-ға жүктелді. Масуд Барзани мен Жалал Талабани бастаған екі партияның өкілдері автономиялық аймақтағы билік пен басқару жүйесін қалыптастыруға кірісті. Аймақты басқару билігі екі саяси блок тарапынан теңдей екіге бөлінді. Демек, Ирак күрділері ұзақ кезеңді қақтығыстар мен күрес арқылы де-факто мемлекеттік институтты қалыптастыра алды. Оның үстіне, Халықаралық қауымдастықтың Ирак Күрдістан аумағына Ирак үкіметінің қол салуы және араласуын тоқтатуын қадағалауы ИКАА-ның оқшаулануына алып келді. ИКАА де-факто өз аумағында жеке мемлекет ретінде өмір сүруіне мүмкіндік алды.

Ирак күрділері АҚШ және оның одақтастарының Иракқа қарсы соғысында маңызды рөл атқарды. Күрді партиялары 2003 жылдың көктемінде соғыс кезінде Ирак үкіметіне қарсы коалиция күштерімен бірікті.

2005 жылы Саддам Хусейн режимі құлаған соң Ирактың федеративті мемлекет ретінде айқындайтын жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Конституцияға сәйкес, Ирак өзіндік автономдық құқығы бар аймақтар мен мухафазалардан тұрды. Ал, Күрді автономиялық аймақта 1992 жылы қалыптастырылған аймақтық басқару жүйесі мен заңнамалары конституциялық тұрғыдан мойындалды. Демек, Ирак күрділерінің автономиялық аймағының (ИКАА) мәртебесі алғаш рет мемлекеттік заң деңгейінде бекітілгендігін аңғаруға болады. Жаңа Конституцияға сәйкес, Ирактағы кез келген аймақ Ирак ішіндегі басқа аймақтармен бірігуге немесе бөлінуге құқығы бар. Алайда, 2015 жылдың аяғына дейін Иракта ешқандай жаңа аймақтар пайда болған жоқ және ИКАА Ирактағы жалғыз аймақтық үкімет болып қала берді.

2. Ирак күрділерінің адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі

1) Бірегейлік сақтаудағы қажеттілік

1992 жылға дейін Ирак күрділерінің негізгі талабы олардың Ирак аумағындағы өзіндік ұлт ретінде сақталып қалуы, өз ұлттық құндылықтары мен мәдениетін сақтап қалуда болды. Себебі, 1930 жылдары Ирак Ұлыбритания мандаты астында болған сәтте, Ұлыбритания Ирак аумағындағы күрділерге өз мәдениеті мен ұлттылығын сақтап қалуға

мүмкіндік берді. Алайда, 1960-70 жылдардағы алдымен Касем, сосын Саддам Хусейін режимінің «арабтандыру» саясаты ұлттың болмысы мен құндылықтарын жоғалтуға бағытталды. Бұл ұлттық бірегейлік сақтап қалу қажеттілігін тудырды. Ұлттық бірегейлікке қатысты құндылықтарды сақтауға және дамытуға кедергі жасау, немесе жоюға бағытталған «ұлттық тазалау» саясаты Ирак күрділерінің ұлт ретіндегі негізгі қажеттілігін қамтамасыз етпей, керісінше, ұлтаралық қақтығыстың өршуіне себепші болды.

2) Экономикалық қажеттілік

Ал, 1992 жылғы Саддам Хусейін режимінің халықаралық қауымдастық тарапынан айыпталуы, экономикалық блокадаға ұшырауы Ирак күрділеріне де өз әсерін тигізді. Саддам Хусейін режимі Ирак күрді автономиялық аумақты өз тарапынан экономикалық блокадаға алды. Ирак Үкіметі ИКАА-ға қатысты барлық қарым-қатынасты тоқтатты. ИКАА-ның өздігінен халықаралық қауымдастық тарапынан гуманитарлық көмек алуына тура келді. Сонымен қатар, ИКАА АҚШ және оның одақтастары тарапынан экономикалық дамуда қолдау тапты. Америкалық және еуропалық компаниялары ИКАА аумағындағы энергетикалық пайдалы қазбаларды өңдеуге мүмкіндік алды. Осыған орай, ИКАА-дағы экономикалық сектор қайта жанданып, ИКАА мұнайды экспортқа шығаруға мүмкіндік алды.

2005 жылы Ирак федеративтік мемлекет болып қалыптасқаннан кейін, Ирак федералды бюджетінің 17 % ИКАА-ға бөлінуі тиіс болып бекітілді. Оның үстіне, Ирак федералды Конституциясының 112-бабы ИКАА аумағындағы мұнай және табиғи қазба-байлықтарды игеру жергілікті басқару институттарының құзіретіне берілетіндігін меңзейді. Де-юре жағдаят осылай болғанымен, де-факто Ирак Үкіметі Конституцияны осы бабын елемеді. ИКАА Ирактың федеративтік жүйесінің субъектісі болғандықтан жергілікті қазба-байлықтарды игеру мен одан түскен пайда сәйкесінше Ирак мемлекетіне тиесілі деп талап етті. (Hilterman, 2012) Ирак Үкіметі де, ИКАА да Ирак Күрдістан аумағындағы пайдалы қазбаларды біржақты барлау, өңдеу, өндіру және экспорттау ИКАА-ның алдағы уақытағы экономикалық қуаттылығы мен дербестігін күшейтетіндігін жақсы білді. Осыған байланысты екі тарап өз позицияларын күшейтуге ұмтылды – ИКАА Ирак үкіметінен экономикалық тәуелсіздігі мен пайдалы қазбалардан түскен

пайданы өзінде сақтап қалуға; Ирак Үкіметі керісінше, пайдалы қазбалардың мемлекеттік қазынаға түсуін қадағалауға және шетелдік компаниялармен келіссөздерде Үкіметтің де қатысуын қамтамасыз етуге ұмтылды.

2007 жылдан бастап Ирак Үкіметі ИКАА-ға қатысты федералды бюджеттен қаржы бөлуді тоқтатты. Бұл саяси шешім екі тараптың арасын одан әрі алшақтатты. Керісінше, ИКАА-ның дербестігі мен экономикалық дамуға қатысты өзіндік әрекеттерге баруға итермеледі. Нәтижесінде 2012 жылға қарай мұнай өндіру саласындағы гигант саналатын ExxonMobil, Шеврон, Тотал және Газпром Нефть компаниялары ИКАА аумағында барлау және мұнай өндіру құзіретіне ие болып, ИКАА Үкіметімен тікелей келісім-шартқа отырды. (Hilterman, 2012)

3) Саяси-әлеуметтік қажеттілік

2005 жылы Хусейін режимі құлап, АҚШ және оның одақтастары жеңіске жеткен соң Ирактың қоғамы араб-шииттер, араб-сунниттер және күрділер боп үлкен 3 топқа бөлінді. Сол кезеңде араб-шииттер Ирак халқының 60 пайызын құраса, араб-сунниттер – 20 пайызын, күрділер 18 пайызын құрады. (Nadji, 2009) Саддам Хусейін билеген БААС режимі кезінде саяси билік негізінен араб-сунниттерде болды. Сәйкесінше, Ирак қоғамында көпшілік болып саналған араб-шииттер де, Ирак солтүстігін қоныстанған күрділер де саяси-әлеуметтік биліктен оқшауландырылды.

БААС режимі ыдыраған соң, араб-сунниттер толықтай шеттетіліп, билікке негізінен араб-шииттер келді. Парламент, мемлекеттік және жергілікті басқарушы, атқарушы, заң шығарушы органдардың құзіреті араб-шииттердің қолына өтті. Араб-шииттер тарапынан ИКАА-ның дербестігінің күшеюі мен Ирак Конституциясына сәйкес күрділерге қамтамасыз етілген құзыреттер мен құқықтардың толық орындалуы Ирактың мемлекет ретіндегі егемендігі мен аумақтық біртұтастығына үлкен қауіп төндіреді деп қарастырылды.

БААС режимі кезінде «Ирактілік» идеологиясы арабтылыққа негізделді. Себебі, арабтар Ирак халқының 80 пайыздан астам үлесін құрайтын титулдық ұлт болды. Бұл жағдай Ирак күрділері үшін Саддам Хусейін режимі құлағаннан соң да өзгерген жоқ. Елдегі демографиялық жағдай сол қалпында қалды. Саяси құрылымдағы көпшілікті құрайтын араб-сунниттерден араб-шииттерге алмастырылды. Күрділермен қосқанда елдегі саяси элита 3 топқа бөлінді. [Nadji, 2009] Саяси элитаның

топтық мүдделері ұлттық-діни ерекшеліктерге негізделді.

Әсіресе, араб-сунниттердің елдегі барлық үдерістерден түбегейлі оқшаулануы араб-сунниттердің басшылығымен 2014 жылы ИШИМ-нің бас көтеруіне алып келді. Саддам Хусейн режимі кезінде шешуші саяси посттарда қызмет еткен зиялылар, әскерилер, діни басшылар елдегі биліктің араб-шииттердің қолына өтуіне қарап тұра алмады. ИШИМ бой көтерген 2015-2017 жылдар аралығында Ирактағы орын хаостан аман қалған тек қана ИКАА ғана болды. Ирак күрділерінің жасақтары болып табылатын Пешмергалар автономиялық аумақтың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алды. ИШИМ-ның себебімен Ирактың мемлекет ретінде өз аумағындағы саяси тұрақтылық пен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауы, ал, керісінше, ИКАА-ның тұрақтылықты сақтап қалуы Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысы идеясын оятуына алып келді.

3. Басқару және мемлекеттің рөлі

1970 жылғы Ирак Конституциясы бойынша заң шығарушы орган ретінде Ұлттық Ассамблея (Әл-Меджлис Әл-Ватани) құрылды. Ұлттық Ассамблеяның басым бөлігін негізі араб-сунниттерден тұратын әскерилер құрады. Алайда, Ассамблеяға қатысты сайлау тек 1980 жылы маусымда Ирактың жаңа әскери президенті Саддам Хусейннің тұсында өтті. 1989-2003 жылдар аралығында жалпы жағдаят өзгере қойған жоқ.

АҚШ және оның одақтастарының интервенциясынан кейін 2005 жылы Саддам Хусейн режимі құлаған соң, Ирактың саяси мемлекеттік құрылымы үлкен өзгерістерге ұшырады. Елдегі федеративтік парламенттік жүйе қалыптастырылды. Саяси жүйе бір партиялық жүйеден көп партиялы жүйеге ауысты. 2005 жылы 15 қазанда Ирак Конституциясы ратификациялау үдерісі сәтті аяқталғаннан соң, ізін-ала 15 желтоқсанда 275 мүшеден тұратын Ирак Парламентінің жалпы сайлауы өтті. (Iraqi Election Commission Fact Sheet, 2005)

Сайлаушылар партиялар мен партиялар коалициясының тізіміне сүйене отырып дауыс беру мүмкіндігін алды. Парламенттік орын әрбір мухафазаға пропорционалды өкілеттілік принципі бойынша бөлінді. Сайлау қорытындысына орай, Біріккен Ирак Альянсы партиясы (араб-шииттік блок) 41,19% пайыздық көрсеткішпен жеңіске жетіп, Парламенттегі 128 орынды иемденді. Ал, Күрді партияларының коалициясы – Күрдістанның демократиялық

патриоттық Альянсы 21, 67% көрсеткішпен 53 орынды иемденді. (Iraqi Election Commission Fact Sheet, 2005) Сайлау нәтижесі бойынша араб-шииттік блок саяси үстемділікке ие болып, Нури әл-Малики бастаған коалициялық үкіметтің құрылуына әкелді.

Күрділердің одан кейінгі сайлаулардағы көрсеткіші төмендей бастады. 2010 жылғы парламент сайлауында күрді альянсы 14.59% көрсеткішпен 43 орынға ие болса, 2014 жылғы сайлауда КДП 6,55% көрсеткішпен бар-жоғы 19 орын, КПО 6,07 % көрсеткішпен 19-орынды иеленіп, бұрынғыдан да төмен саяси позицияға жайғасты. (Chulov, 2010) Бұл, бірте-бірте Ирак күрділерінің Ирактағы саяси салмақтарының азаюына, ИКАА-ға қатысты мемлекеттік саяси шешімнің жасалу үдерісіне қатысты ықпалының азаюына алып келді.

Ал, 2014 жылғы ИШИМ-ның бас көтеруімен, Ирактың мемлекеттік басқару жүйесіндегі хаос жағдайы мен мемлекеттік саяси құрылымындағы дағдарысы ИКАА-ның елдегі саяси жағдайдан толықтай оқшаулануына әкелді. Оның үстіне, елдегі саяси билік бірте-бірте араб-шииттердің қолына өтуі – Ирак күрділердің бұдан әрі Конституцияда бекітілген құзіреттіліктердың орындалу үдерісін қиындатты.

4. Ирак күрділері мен мемлекеттің халықаралық байланысы

1) Түркиямен байланыс

ИКАА-ның 1992 жылдан бастап де-факто тәуелсіз квази-мемлекеттік субъект ретіндегі әрекет етуі оның Саддам Хусейн режимі құлағанға дейін де, пост-саддамдық кезеңде халықаралық байланыстар орнатуына, келіссөз жүргізуіне мүмкіндік берді. Әсіресе, Түркия ИКАА-дағы болып жатқан өзгерістерді әрқашан өз бақылауында ұстап отырды. Түркия шын мәнінде, күрді мәселесіне қатысты жағдайларға аса ұқыптылықпен қарауға мәжбүр. Себебі, өз аумағында да әр түрлі дереккөздерге сүйенсек 15-25 миллиондай күрділер өмір сүреді. Жалпы, күрділердің жалпы ұлттық интеграциясы Түркия үшін мемлекеттік қауіпсіздік деңгейіндегі маңызды қауіп болып табылады.

Алайда, соған қарамастан соңғы 30 жыл бойы Түркия үкіметі ИКАА-ға қатысты байыпты саясатты жүзеге асырып отырды. Түркия үшін ИКАА экономикалық тұрғыдан таптырмайтын серіктес болып саналады. Әрине, Түркияның ИКАА-мен байланысының мотивы әр түрлі. ИКАА Түркияның Сириямен шекаралас аумақтарымен салыстырған барынша тұрақты аумақ болып табылады. Жалпы, Сириядағы

кризистен кейінгі босқындардың Түркия аумағына үздіксіз ағылуы, Түркия аумағында террористік ұйым ретінде танылған Күрдістан жұмысшылар партиясының (КЖП) Сириямен шекаралас аймақтарында әрекет етуі сияқты мәселелер Түркия үшін бас ауыртарлық жағдай болып табылады. (Back Matter, 2017) Осы жағдайлармен салыстырған Солтүстік Ирактағы ИКАА-ның саяси тұрақты болуы Түркияға аймақтағы жағдайларды бақылауда жеңілдіктер береді. Сонымен қатар, Түркия соңғы 30 жылда Ресей мен Ираннан келетін энергетикалық ресурстарды Таяу Шығыстан Еуропа және Атлантикалық аймаққа өткізуде көліктік хаб қызметін атқарып келді. Таяу Шығыстағы кез келген тұрақсыздық пен хаостық жағдай Түркияға экономикалық тұрғыдан да орасан шығын алып келеді. Ал, ИКАА-мен қауіпсіз байланыс және экономикалық қарым-қатынасты дамыту Түркияның экономикалық қарым-қатынасын диверсификация жасауға мүмкіндік береді.

ИКАА үшін де Түркия ең негізгі экономикалық серіктес болып саналады. Түркия ИКАА аумағындағы ең үлкен шетелдік инвестор. ИКАА аумағындағы тұрмыстық тауарлардың 80% Түркияның үлесінде. Түркия мен ИКАА-ның арасындағы тауарайналым 2009 жылы 4 миллиард доллар болса, 2015 жылы 8,5 миллиардты құрады. (Ekurd Daily, 2014) Қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда ИКАА басшылары Түркияға Ирак пен Сирияның шекаралас аудандарында жасырынған КЖП өкілдерін жазалау шараларын жүзеге асыруда үлкен қолдау білдіреді.

2) АҚШ-пен байланыс

ИКАА-ны қоспағанда, Ирак 2003 жылы АҚШ және оның одақтастарының интервенциясынан кейін үлкен өзгерістерге ұшырады. Елдегі ұлт және дінаралық зорлық-зомбылық қарым-қатынастар АҚШ күткендегідей нәтижелерге алып келмеді. Ирактың Орталық Үкіметі АҚШ белгілеген көптеген саяси талаптарды орындай алмады. Алайда, 2003 жылғы соғыстың қорытындысы бойынша Күрділер бұрынғыдан да көп автономияға ие және елдің қалған бөліктеріне тән өз аумағында діни зорлық-зомбылықтан зардап шекпеді.

АҚШ-тың мүддесі бойынша тәуелсіз күрд мемлекетін құру АҚШ-тың құндылықтарына сәйкес келетін зайырлы, өзін-өзі қолдайтын демократиялық субъектінің пайда болуына мүмкіндік жаратар еді. Сол кездегі АҚШ-тың президенті Дж. Буш Иракта және Таяу Шығыстың қалған бөлігінде демократияның

таралуы Ирак соғысының және АҚШ-тың Иракқа интервенциясының негізгі себебі деп дәйекті түрде мәлімдеді. Демократияның таралуы гуманистік тұрғыдан моральдық мақсат болса да, демократияның ұлт және дінаралық қақтығыс деңгейі жоғары аймақтарда өркендеуі екіталай құбылыс. Ал, Күрді аумағының тәуелсіздігін қолдау демократияның тұрақты аймақта орнығуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ИКАА-ның Ирактың кез келген бөлігіне қарағанда демократиялық басқаруға қатысты тәжірибесі көп. 1992 жылдан бастап Күрдістанда бес парламенттік сайлау өтті. Егер АҚШ Таяу Шығыста демократияны таратуға шынымен дайын болса, күрд мемлекеттілігін қолдау – бұл жерде демократияның қалай өркендейтінін көрсетудің ең жақсы мүмкіндігі ретінде қарастырылды. (Nadji, 2009:537)

ИКАА-дағы көп партиялық жүйе мен зайырлы демократия америкалық құндылықтарды бейнелейді. Зайырлылық пен діни сөз бостандығы – АҚШ конституциясында берік бекітілген негізгі гуманистік құндылықтар болып есептеледі. (Nadji, 2009:538) Ал, керісінше, билік басына келген Ирак араб-шииттері Ислам діні мен шарифат заңдары Ирак заңдарының негізі болуы керек деп санайды. Үкіметтегі діннің тиісті рөлі туралы өзара келіспеушіліктер Ирактың барлығына жауапты кез келген орталықтандырылған Үкіметтің тиімділігіне кедергі келтіреді.

АҚШ-тың позициясы бойынша тәуелсіз күрді мемлекеті халықаралық қауымдастық үшін қаржылық ауыртпалық тудырмайды деп күтілді. Бұған ИКАА-ның соңғы жылдары Ирак мемлекетінен бөлек, тәуелсіз саяси субъект ретіндегі шетелдік пайдалы қазбаларды өндіретін, экспорттайтын трансұлттық компаниялармен дербес келіссөз жүргізуі, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дербес өмір сүре алуы бұған дәйек бола алады. Осы факторлар, АҚШ пен ИКАА арасындағы өзара сенім білдірушілік қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Азардың ұзақ мерзімді қақтығыстар тұжырымының концепциялық элементтері Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының ояну үдерісін түсіндіруге сәйкес бола алатындығын айтуға болады.

Біріншіден, Ирак күрділерінің қоғамдық топ ретінде қалыптасуына жасалынған тарихи сараптауға сәйкес, Ирак күрділері XX ғасырдың

басынан бастап, өзінің бірегейлігі мен ұлттық құндылықтарын сақтау мақсатында үздіксіз күрес жүргізіп келді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ирак күрділері саяси партиялар құра алды және саяси партиялардың астына Ирактағы әр түрлі тайпалардан құралған күрді қоғамын біріктіре алды. Ирактағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің әр кезеңінде күрділік мүдде тұрғыдан қоғамдық интеграцияны сақтай алды. Ұлттық қоғамдық бірігушілік – ұлттық қозғалысты жүзеге асыруда шешуші рөл ойнайды.

Екіншіден, Азар сипаттаған қоғамдық топтың мемлекеттегі адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі ұзақ мерзімді қақтығысқа алып келетіндігі жайлы концепциясы да Ирак күрділері мен Ирак мемлекеті арасындағы бітімі жоқ өзара жанжалдардың ұзақ мерзімге жалғасу үдерісін түсіндіре алады. Парсы шығанағы соғысынан кейінгі Ирак күрділерінің бірегейлікке қатысты өз ұлттылығын сақтап, дамуына мүмкіндік алғанымен, Пост-саддамдық кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік және саяси қақтығыстың ұзақ мерзімде жалғасуы және шешімінің табылуы соңында Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалыс жасауына алып келді.

Үшіншіден, Азар ұсынған ұзақ мерзімді қақтығыстар концепциясының элементі басқару және мемлекеттің рөлі элементі де Ирак күрділері мен Ирак Үкіметі арасындағы қақтығыстардың ұзақ мерзімді болуын сипаттай алады. Касем және Саддам Хусейн режимі, араб-шииттік үстемділік кезеңдерінде де Ирак күрділері үздіксіз дискриминацияларға ұшырады. Тіпті, әскери қақтығыстарға дейін жалғасты. 2005 жылғы Ирактың федеративтік республикаға айналуы да елдегі қоғамды 3 топқа бөлінуіне алып келді. Үш топтың арасындағы өзара идеологиялық қарама-қайшылықтары, кей жағдайда жасаған зорлық-зомбылық, күш қолдану әрекеттері Ирак күрділері мен Үкімет

арасындағы қақтығыстардың ұзақ мерзімге созылуына алып келді. Ирактағы мемлекеттік басқару және саяси шешімдер қабылдау үдерісінен күрділердің оқшаулануы тағы да қайталанды. Тіпті, 2005 жылғы Ирак Конституциясында бекітілген Қақтығыстың қорытынды шешімге келмеуі Ирак күрділерінің Ирак Үкіметіне қатысты сенімінің әлсіреуіне, олардан территориялық бөлінуге, тәуелсіз мемлекет құрудағы сецессионистік қозғалыс жасауына мүмкіндік жасады.

Төртіншіден, 1992 жылдан бастап ИКАА-ның де-факто дербес өмір сүруі, халықаралық акторлармен дербес субъект ретінде өзара қарым-қатынас орнатуы, аймақтық және әлемдік державалық мемлекеттерден қолдау табуы Азардың ұзақ мерзімді қақтығысты түсіндіретін халықаралық байланыс элементімен сәйкес келе алады. АҚШ пен Түркияның ИКАА-мен тығыз қарым-қатынас орнатуы Ирак күрділердің халықаралық күштерге сенімін арттырды. Осыған орай, бөліну және жеке тәуелсіз мемлекет құруға қатысты идеяның дамуына, артынша жүзеге асуына түрткі болды.

Демек, сараптама қорытындысы бойынша Азардың ұзақ мерзімді қақтығыстар тұжырымы ұлттардың сецессионистік қозғалысының алғышарты ретіндегі орын алған жағдаяттарды түсіндіре алады. Және тұжырымдық концепциялық тұрғыдан белгілі бір сецессионистік қозғалыстың табиғи болмысы мен сипатын түсіндіре алатын маңызы бар деп санауға келеді.

Әрине, Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысын тудырушы факторлар Азар ұсынған ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс тұжырымы элементтері қаңқасынан да көп болуы әбден ықтимал. Дегенмен, бұл мәселелер Ирак күрділерінің сецессионистік қозғалысының себептеріне қатысты келесі зерттеулерге қалдырылады.

References

- Azar E. E. & Chung In Moon. (1986). Managing Protracted Social Conflicts in the Third World : Facilitation and Development Diplomacy. *Millennium: Journal of International Studies*, 15(3), 393–406.
- Azar E. E. & Jureidini, P., & McLaurin, R. (1978). Protracted Social Conflict; Theory and Practice in the Middle East. *Journal of Palestine Studies*, 8(1), 41–60.
- Back Matter (2017). *Insight Turkey*, 19(4).
- Černý H. (2014). Ethnic Alliances Deconstructed: The PKK Sanctuary in Iraqi Kurdistan and the Internationalization of Ethnic Conflict Revisited. *Ethnopolitics* 13(4), 328-354
- Chulov M. (2010). Iraqi elections hit with claims of fraud by opposing parties, *The Guardian*, London. Retrieved from <https://www.theguardian.com/world/2010/mar/16/iraqi-election-vote-rigging-claims>
- Colaresi M. & Thompson, W. R. (2002). Strategic Rivalries, Protracted Conflict, and Crisis Escalation. *Journal of Peace Research*, 39(3), 263–287.

- Crighton E. & Iver M. A. M. (1991). The Evolution of Protracted Ethnic Conflict: Group Dominance and Political Underdevelopment in Northern Ireland and Lebanon. *Comparative Politics*, 23(2), 127
- Edmonds, C. J.(1971). Kurdish Nationalism, *Journal of Contemporary History*, pp.87-107
- Ekurd Daily (2016). "Trade volume through Iraqi Kurdistan-Turkey border down by 60%," Retrieved from <http://ekurd.net/trade-downkurdistan-turkey-2016-05-10>
- Fargues P. (2000). Protracted National Conflict and Fertility Change: Palestinians and Israelis in the Twentieth Century. *Population and Development Review*, 26(3), 441–482.
- Fiol C. M., Pratt M. G. & O'Connor E. J. (2009). Managing Intractable Identity Conflicts. *The Academy of Management Review*, 34(1), 32–55.
- Fisher R. J. (2001). Cyprus: The Failure of Mediation and the Escalation of an Identity-Based Conflict to an Adversarial Impasse. *Journal of Peace Research*. 38(3), 307–26
- Freij H. Y. (1998). Alliance patterns of a secessionist movement: the Kurdish nationalist movement in Iraq. *Journal of Muslim Minority Affairs*, 18(1), 19–37.
- Gunter M. (2008). *The Kurds Ascending*. New York: Palgrave MacMillan. p. 12.
- Hadji Ph. S. (2009). The Case for Kurdish Statehood in Iraq, 41 *Case W. Res. J. Int'l L. Iss.* 2
- Hiltermann J. (2012). *The Kurdistan Region of Iraq: Achieving stability in a time of Transition*, Austrian Institute for International Relations.
- Independent (2017). Bethan McKernan. Kurdistan referendum results: 93% of Iraqi Kurds vote for independence. Retrieved from <https://www.independent.co.uk/news/world/middle-east/kurdistan-referendum-results-vote-yes-iraqi-kurds-independence-iran-syria-a7970241.html>
- Iraqi Election Commission Fact Sheet. (2005) Retrieved from <https://web.archive.org/web/20110726171306/http://www.ieci-raq.org/final%20cand/Fact%20Sheet%20-%20Elections%20Law%20-%20En.pdf>
- James C. (1999). State and International Law in Relation to Secession, *British Yearbook of International Law*. 69(1). p 85.
- Leezenberg M. (2005). Iraqi Kurdistan: contours of a post-civil war society. *Third World Quarterly*. 26(4–5), 631–647
- McDowall D. (2004). *A modern history of the Kurds* (3rd ed.). London: I.B. Tauris
- Mohammed J. A., & Alrebh, A. F. (2020). Iraqi Kurds: The dream of nation state. *Digest of Middle East Studies*, 29(2), 215–229
- Pfaffenberger B., *The Structure of Protracted Conflict: the Case of Sri Lanka*, : Humboldt Journal of Social Relations, Vol. 20, No. 2, Protracted Conflict (1995), pp. 121-147
- Pruitt, D., Kim, Sung Hee. (2004). *Social Conflict: Escalation, Stalemate, and Settlement*. New York, NY: McGraw Hill.
- Ramsbotham O. (2005) *The Analysis of Protracted Social Conflict: A Tribute to Edward Azar*, *Review of International Studies*, Vol. 31, No. 1, pp. 109-126
- Rasler K. (2000). Shocks, Expectancy Revision, and the De-Escalation of Protracted Conflicts: The Israeli-Palestinian Case. *Journal of Peace Research*, 37(6), 699–720.
- Rupesinghe K. (1987). Theories of Conflict Resolution and Their Applicability: To Protracted Ethnic Conflicts. *Bulletin of Peace Proposals*, 18(4), 527–539
- Sarigil Z. & Karakoc E. (2016). Who supports secession? The determinants of secessionist attitudes among Turkey's Kurds. *Nations and Nationalism* 22(2), 325-346.
- Schrodt Ph. A. (1983). "A Model of Sporadic Conflict." In Dina A. Zinnes, ed. *Conflict Processes and the Breakdown of International Systems*. Denver, CO: University of Denver Press.
- Wood J.R.(1981). Secession: A Comparative Analytical Framework, *Canadian Journal of Political Science / J.R. Wood // Revue Canadienne De Science Politique*. 14(1), p.110.
- Zoubir Y. H. (1995). Protracted Conflict and Failure to Achieve Prenegotiation in the Western Sahara Conflict. *Humboldt Journal of Social Relations*, 20(2), 1–44.